

Астана қаласы «Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК

Кәсіптік бағдарға арналған тәрбие сағаты оқушылардың болашақ мамандықты дұрыс таңдауына бағытталды. Сабақ барысында танымдық әңгімелер, пікір алмасулар ұйымдастырылып, түрлі мамандықтардың ерекшеліктері мен маңыздылығы түсіндірілді. Оқушылар өз қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес мамандық таңдаудың маңызын ұғынып, болашаққа саналы көзқарас қалыптастырды.

Мақсаты:

Оқушыларға кәсіптер туралы түсінік беру, болашақ мамандықты саналы таңдауға бағыттау.

Міндеттері:

- Әртүрлі мамандықтармен таныстыру;
- Оқушылардың қызығушылығы мен қабілетін анықтауға ықпал ету;
- Еңбекке, жауапкершілікке баулу.

Нәтижесі:

Оқушылар кәсіптік бағдар туралы мағлұмат алып, өз қызығушылықтары мен болашақ мамандықтары жөнінде ой қорыта білді.

«Мен ата-анамның мамандығын мақтан етемін» атты тәрбие сабағы 4-сынып оқушылары арасында өткізілді. Сабақтың негізгі мақсаты — оқушыларда отбасы мүшелерінің еңбегін құрметтеу сезімін қалыптастыру, әртүрлі мамандықтардың маңыздылығын түсіндіру және ата-ананың еңбегіне деген мақтанш сезімін ояту. Сабақ барысында оқушылар өз ата-аналарының мамандықтары туралы әңгімелеп, пікір алмасты және шығармашылық тапсырмалар орындады. Сонымен қатар, әрбір оқушы ата-анасының кәсіби жетістіктері мен өмірлік тәжірибесі туралы айтып, өз ойларын білдірді. Іс-шара нәтижесінде оқушылардың отбасыға, ата-ананың еңбегіне деген құрметі артты, олардың болашақ мамандық таңдауға деген қызығушылығы мен түсініктері кеңейді. Әр сыныптан оқушылардың ата-аналары қатысып, мамандықтарымен, жұмыстарымен бөлісті. Ата-аналар өз кәсібін қыр сырын таныстырып, балаларға еңбексүйгіштік пен жауапкершілік туралы тағылымды ойлар айтты.

23.10.2025





Қанша мамандық білесің?

5-7 сыныптар арасында «Қанша мамандық білесің?» атты қызықты және танымдық викторина өткізілді. Шараның негізгі мақсаты — оқушылардың әртүрлі мамандықтар туралы білімін кеңейту, болашақ кәсібін таңдауға қызығушылық ояту және ой-өрісін дамыту болды.

Викторинаға оқушылар белсенді қатысып, өздерінің шығармашылығы мен білім деңгейін көрсетіп, командалық жұмыс дағдыларын дамытты. Іс-шара бірнеше кезеңнен тұрды:

1.«Мамандықты тап!» — оқушыларға сипаттама беріліп, қай мамандық туралы айтылғанын табу қажет болды.

2.«Кім тез?» — берілген уақыт ішінде мүмкіндігінше көп мамандық атау.

3.«Сурет бойынша болжа!» — мамандыққа байланысты суретті көріп, оның атауын айту.



4.«Артық мамандық» — тізімнен бір-біріне сәйкес келмейтін мамандықты табу.

5.Қосымша сұрақтар — логикалық және қызықты жағдаяттық тапсырмалар.

Оқушылар шапшаңдық, тапқырлық, бір-бірімен тіл табысу және ойлау қабілеттерін көрсетті. Әр команда өзіндік ерекшелігімен ерекшеленіп, жоғары белсенділік танытты. Викторина соңында жеңімпаздар анықталып, көтермелеу сыйлықтары тапсырылды.

20.11.2025



Мамандықтар әлемі

Бастауыш сынып оқушыларына мамандықтар әлемі туралы түсінік беру үшін (https://youtu.be/ilGaQmLriz0?si=iEegU_BRreLyzFDR), олардың болашаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында мамандықтар жайлы танымдық сабақ ұйымдастырылып, өткізілді. Сабақ барысында әртүрлі мамандықтардың маңызы, қоғамдағы рөлі және олардың адам өміріндегі орны түсіндірілді. Танымдық сабақ барысында оқушылар мұғалім, дәрігер, полиция қызметкері, өрт сөндіруші, құрылысшы, аспаз сияқты түрлі мамандықтармен танысты. Ойын элементтері, суреттер, сұрақ-жауап және топтық жұмыстар арқылы балалар сабаққа белсенді қатысып, өз ойларын еркін білдірді. Сабақ оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай қызықты әрі түсінікті түрде өтті. Балалар мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуді үйреніп, әр мамандықтың қоғам үшін маңызды екенін түсінді. Сабақ соңында оқушылар өздеріне ұнаған мамандықтар туралы айтып, болашақта кім болғысы келетінін бөлісті. Аталған танымдық сабақ оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, еңбекке деген қызығушылығын арттыруға ықпал етті.



«Кім болғым келеді?»

4-сынып оқушыларымен кәсіби бағдарлау іс-шарасы

4-сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру мақсатында «Кім болғым келеді?» тақырыбында сурет салу сабағы өткізілді. Сабақтың негізгі мақсаты – балаларды болашақ мамандықтар әлемімен таныстыру, олардың қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтау, өз армандарын еркін жеткізіліп, саналы түрде мамандық таңдауға жетелеу болды. Сабақ барысында оқушылар өз ойларын сурет арқылы бейнелеп, болашақта қандай мамандық иесі болғысы келетінін қағаз бетіне түсірді. Олар мұғалім, дәрігер, ғарышкер, полиция қызметкері, аспаз, дизайнер, IT маманы сияқты түрлі мамандықтарды суреттеп, өз таңдауларын түсіндіріп берді. Балалар сурет салу арқылы қиялын дамытып қана қоймай, мамандықтардың қоғамдағы маңызы мен әрқайсысының атқаратын қызметі туралы ой бөлісті. Әр оқушы өз жұмысын таныстырып, неліктен дәл сол мамандықты таңдағанын айтып, топ алдында еркін сөйлеу дағдыларын көрсетті. Бұл сабақ оқушыларға мамандық туралы ойлануға, өз арманын бейнелеуге және өз-өзіне сенімділікті арттыруға мүмкіндік берді. Іс-шара өте қызықты және пайдалы өтті, балалар жағымды эмоция алып, жаңа біліммен бөлісті.




«Дұрыс мамандық таңдау жарқын-болашақ кепілі»

11- сынып оқушыларына «Дұрыс мамандық таңдау жарқын-болашақ кепілі» тақырыбында маңызды ақпарат берілді. Шара барысында оқушыларға грант түрлері, жоғары оқу орындары мен колледждер, сондай-ақ мамандық туралы жан -жақты мәлімет ұсынылды.

Қамтылған бағыттар:

- 1.Мемлекеттік және мақсатты гранттар
- 2.Қазақстандағы жетекші университеттер мен колледждер
- 3.Мамандық таңдауда ескерілетін қабілет,қызығушылық және еңбек нарығындағы сұраныс
- 4.Болашақ мамандықтың артықшылықтары мен жауапкершілігі
- 5.11-сынып оқушыларына арналған пайдалы кеңестер

Ақпарат беру барысында оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алып, болашақ мамандық туралы ой қалыптастырды. Мұндай шаралар оқушылардың саналы таңдау жасауына және өз болашағына жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді.



15.12.2025ж



Мамандықтар әлеміне саяхат

Кәсіптік бағдар беру жұмысы аясында 19 желтоқсан күні 1–2 сынып оқушылары үшін «Мамандықтар әлеміне саяхат» атты танымдық іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты — бастауыш сынып оқушыларына әртүрлі мамандықтар туралы алғашқы түсінік беру, олардың қызығушылығын арттыру және еңбекке деген оң көзқарасын қалыптастыру. Оқушылар әр мамандыққа байланысты тақпақтар айтып, белсенді түрде қатысты. Ойын элементтері мен шығармашылық тапсырмалар арқылы балалар мамандықтардың қоғамдағы рөлі мен маңыздылығын түсінді. Шара барысында оқушылардың сөйлеу мәдениеті, есте сақтау қабілеті және шығармашылық белсенділігі артты. Іс-шара нәтижесінде оқушылардың мамандықтар әлеміне деген қызығушылығы оянып, болашақ мамандық таңдауына алғашқы бағыт-бағдар берілді.

